

Сарыағаш аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 ақпандағы № 21-8-128 "

Сарыағаш ауданы бойынша белгіленген жер салығының базалық ставкаларын белгілеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш аудандық мәслихат сессиясының 2010 жылғы 21 желтоқсандағы N 43-302-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 18 қаңтарда N 14-11-164 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 2012 жылғы 08 тамыздағы № 9-63-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 27.08.2012 № 9-63-V шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Кодексінің 387-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына және Сарыағаш аудандық мәслихатының 12 қаңтар 2004 жылғы № 3-8-33 "Сарыағаш ауданындағы жерлерді аймақтарға бөлу жобасын (схемасын) бекіту туралы" шешіміне сәйкес, Сарыағаш аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Сарыағаш ауданы бойынша белгіленген жер салығының базалық ставкаларын белгілеу туралы" Сарыағаш аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 ақпандағы № 21-8-128 (нормативтік құқықтық кесімдерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14-11-97 тіркелген, 2009 жылғы 20 наурыздағы "Сарыағаш" газетінің № 34-35 санында жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған шешімнің 1-тармағы мынадай мазмұндағы жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н :

«1. Автотұрақтарға (паркингтерге), автомобильге май құю станцияларына және казиноға бөлінген (бөліп шығарылған) жерлерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық Кодексі) Кодексінің 378, 379, 381, 383-баптарында белгіленген жер салығының базалық ставкалары 50 пайызға жоғарылатылсын».

2. Осы шешім 2011 жылдың 1-қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы *И.Қайсарбеков*

Аудандық мәслихат хатшысы

Б.Каипов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК